



Автор: Нуркишева Райхан Нуриденовна

Пән: Дүниетану. Тарих компоненті

Сынып: 4-сынып

Бөлім: Тарих ағымында

Тақырып: Еліміздің географиялық картадағы орны

Сабаққа негізделген оқу мақсаттары	2.2.1.7. Географиялық карта, ондағы еліміздің алатын орны, жер көлемі жайлы түсінік беру. 2.2.1.5. Картамен жұмыс жасай білу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. 2.1.1.1. Өз елін, жерін құрметтеуге, қорғауға тәрбиелеу.
Сабақ нәтижесі	Оқушылардың барлығы: – оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды; – жазба жұмыс жасайды; – сұраққа жауап береді. Оқушылардың көбі: – топтық жұмысты бірлесе орындайды; – өз бетінше жұмыс жасайды; – сұраққа жауап береді; – қосымша үлестірме ресурстарымен жұмыс жасайды. Оқушылардың кейбіреуі: – оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмаларды орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтермен дәлелдер келтіреді.
Бағалау критерийі	Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.
Ресурстар	Оқулық, суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және әртүрлі заттар, топтық тапсырмалар, кері байланыс, стикер.
Әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын, көрнекілік. Рефлексия.
Пәнаралық байланыс	Музыка, қазақ тілі.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	I Ұйымдастыру кезеңі: Амандасу, түгендеу, оқушылардың зейінін, назарын жаттығулар орындау арқылы сабаққа аудару. II Үй тапсырмасын тексеру кезеңі: – Бағдарлау тақырыбы бойынша мазмұнын сұрау. Дәптерге түсірген белгілерін оқыту, тексеру. – Магнитті тұсбағарды алғаш рет қандай ұлт өкілдері пайдаланды? – Егер сені елсіз жерге апарып тастаса, сен көкжиек тұсын қалай білер едің? – Темірқазық жұлдызы әр уақытта көкжиектің қай тұсын көрсетеді?	1-топ: Жазушылар. 2-топ: Зерттеушілер. 3-топ: Суретшілер. «Балалық шақтан қызықты оқиға» Тренинг

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Жаңа білім (10 минут)	III Жаңа сабақ. Д.М.1. Тақырыбын, мақсатын хабарлау. Д.М.2. Кіріспе: карта, географиялық карта, басқа да карта түрлерін таныстыру. – Физикалық картада не бейнеленеді? – Картадан көкжиек тұстарын көрсете аламыз ба? Біздің еліміз – Қазақстан немесе Қазақстан Республикасы деп аталады. Ұлан байтақ жеріміздің кеңдігі сонша, Батыс Еуропадағы ең ірі деп есептелетін Франциядай 5, Ұлыбританиядай 11, Жапониядай 17 мемлекеттің жерімен пара-пар. Жер көлемі жағынан дүниежүзі елдерінің ішінде 9-орында. Ол 2,7 миллион шаршы километр аумақты алып жатыр. «Пайдалы қазбалар қоймасы» деп те бекер аталмаған. Елімізде жер шарында кездесетін пайдалы қазбалардың барлық түрі кездеседі. Картамыздан олардың шартты белгілерін кездестіреміз. Әрқайсысын атап, түсінік беру. Қазақстан мыс қоры жөнінен дүниежүзі бойынша 3-орында. Темір кені қоры бойынша АҚШ-тан 1,5 есеге артық, яғни бүкіл Батыс Еуропадағы темір кенінің жалпы қорынан асып түседі. Атом қуатын өндіретін уранның дүниежүзілік қорының 25%-ы барланған. Пайдалы қазбалардың бірқатар түрлері жер бетіне шығып немесе жақын орналасқан. Сондықтан олар арзанға түседі. Қазақстан Батыс пен Шығыс елдерінің арасында орналасқан. Оның аумағы арқылы Орта Азия мемлекеттерінен және Қытайдан Ресейге баратын және одан әрі Батыс елдерімен байланыстыратын темір жолдар мен тас жолдары өтеді. Түрлі жолдар торабында жатуы шет елдермен сауда және шаруашылық қарым-қатынасын дамытуға барынша қолайлы жағдай тудырады. Д.М.3. Дәптермен жұмыс. Күн ретін, ауа райын жазу. Пайдалы қазбаларды (өзі білетін) жазу. Жер көлемін жазып алу. Д.М.4. Оқулықпен жұмыс. Тізбектей дауыстап оқыту. IV Сарамандық жұмыс Карта бойынша еліміздің батыстан шығысқа және оңтүстіктен солтүстікке қарай созылып жатқан даласын көрсету. Шеткі нүктелердің арасын сызғышпен өлшеп, шыққан см санын масштаб өлшеміне көбейту. Физикалық картадағы түстер нені анықтайтынын түсіндіру. Қара топырақты аймақтарда астық мол өндіріледі, ол еліміздің солтүстік өңірі.	5db3dace02791.jpg Image not found or type unknown https://bilimland.kz/kk/courses/geografiya-kk/kirispe-geografiyalıq-karta/lesson/karta-turleri 5db3dadf54d39.jpg Image not found or type unknown https://imektep.kz/kz/paydali-kazbalar
Сабақтың ортасы (10 минут)	V Бекіту Сарамандық жұмыс картамен орындау: Қазақстанның шекарасын, қандай мемлекеттермен көрші екенімізді айтып, көрсету. – Қазақстанның жер көлемі қанша? – Неге «пайдалы қазбалар қоймасы» деп аталған? – Біздің еліміз қандай мемлекеттерді байланыстырады?	Сыныптағы белсенді оқушы басқаларға бағыт беріп отырады. Топтық талқыға салады, ойланады. Өзгелерді тыңдай отырып, өз білімін толықтырады. Ізденеді. https://imektep.kz/kz/globus
Сергіту сәті (2 минут)	Сергіту	https://www.youtube.com/watch?v=SCvZLP26q0E
Сабақтың соңы (Бекіту) (10 минут)	Синтез «АҚЫЛДЫҢ АЛТЫ ҚАЛПАҒЫ» әдісі арқылы оқу әрекетін ұйымдастыру. 5db3dbe5d44c1.JPG Image not found or type unknown	«АҚЫЛДЫҢ АЛТЫ ҚАЛПАҒЫ» әдісі арқылы оқу әрекетін ұйымдастыру.

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар																																										
Бағалау (кері байланыс) (8 минут)	Бағалау парақшасы. Дұрыс жауапқа 5 балл. <table><tr><th>Оқушының аты-жөні</th><th>«Жариялау» әдісі</th><th>«Салыстыру кестесі»</th><th>«Ыстық орындық» әдісі</th><th>«Ойлан – жұптас – бөліс» әдісі</th><th>Балл</th></tr><tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr></table> «Белгілер» әдісі Кері байланыс  Көңілсіз, қызығасыз болды  Көңілді, қызықты болды  Сұрақтарым бар  Тақырыпты түсіндім  Сабақта берілген тапсырмаларды орындадым  Жаңа мағлұматтар білдім <td> Бағалау парақшасы «Белгілер» әдісі. Рефлексия парағы. </td>	Оқушының аты-жөні	«Жариялау» әдісі	«Салыстыру кестесі»	«Ыстық орындық» әдісі	«Ойлан – жұптас – бөліс» әдісі	Балл																																					Бағалау парақшасы «Белгілер» әдісі. Рефлексия парағы.
Оқушының аты-жөні	«Жариялау» әдісі	«Салыстыру кестесі»	«Ыстық орындық» әдісі	«Ойлан – жұптас – бөліс» әдісі	Балл																																							